

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 50 (902) 18 қараша 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ



Әр азаматтың
дауысы маңызды!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ЕЛІМІЗДЕГІ АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ АЙНАЛУЫ ТИІС

Алдағы Президент сайлауы еліміздегі ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалардың жаңа кезеңіне айналуы тиіс. Бұл туралы Ерлан Қарин өзінің Telegram арнасында жазды.

«Мемлекет басшысының 20 қарашаға Президент сайлауын тағайындау туралы Жарлығы жаңа сайлау циклын бастады».

Президент сайлауын өткізу бастамасы соңғы үш жылдағы саяси қайта құрулардың қисынына толық сәйкес келеді. Конституциялық реформа билік тармақтары арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа, теңгерімді тәртібін қамтамасыз етті. Ал жаңа үлгіні іске қосу үшін бүкіл саяси жүйені, соның ішінде Президент, Парламент, Үкімет, мәслихат сияқты мемлекеттің

негізгі институттарын қайта іске қосу қажет», деп жазды Е. Қарин.

Мемлекеттік хатшының айтуы бойынша, алдағы сайлау науқаны туралы пікірталастар саяси ортада көптен бері жүріп жатыр. Бірқатар сарапшылар көктемде кезектен тыс сайлау өткізуді жақтаған болатын.

Ағымдағы сайлаудың ерекшелігі алдағы сайлау науқандарының барлық кестесін алдын ала жариялау болды. «Президенттік сайлауды Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті жарлыққа қол қойылғанға дейін бір айға жуық уақыт бұрын жариялады, ал бұған дейін барлық кезектен тыс сайлауды өткізу күні туралы жарлыққа қол қойылған болатын. Бұл уақыт алдағы науқанды кең қоғамдық талқылауға ғана емес,

әлеуетті қатысушыларды алдын ала дайындауға да жеткілікті болды. Заң бойынша сайлау тағайындалған күннен бастап екі ай ішінде өтеді, бірақ іс жүзінде бүкіл науқан үш айға созылады», деп түсіндірді Е. Қарин.

Оның айтуы бойынша, қоғамның біртұтастығы, мемлекеттің тұрақтылығы, елдің кез келген ішкі және сыртқы сын-қатерлерге лайықты жауап беру мүмкіндігі тек бірқалыпты және тұрақты саяси жүйе жағдайында ғана қамтамасыз етіледі. Сондықтан геостратегиялық тұрақсыздықтың күшеюі жағдайында алдағы президенттік сайлау елімізді ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалардың жаңа кезеңі алдында топтастырудың маңызды факторына айналуы тиіс.

Аяна ТОҒАНБЕК, Egemen.kz.

ҰЛТТЫҢ ЖАҢА САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласының жұртшылығымен кездесуде қазақ халқы үшін маңызды құндылықтарды атады.

«Мен облыстарға сапарымда жалпы елдің мәселелерін көтеріп жүрмін. Аймақтарда айтылған ой-пікірлерімді бүгін қорықтым келіп отыр. Біз жаңа қоғам құрып жатырмыз. Соңғы бірнеше жылда саяси реформа аясында көптеген өзгеріс жасадық. Бірақ біз тек саяси мәселемен шектеліп қалмаймыз. Алда экономикалық, әлеуметтік және басқа да бағыттар бойынша ауқымды жұмыс тұр. Дегенмен, түпкі мақсатымызға жету үшін бұл жеткіліксіз. Біз өзгерісті, ең алдымен, өзімізден бастауымыз керек. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруымыз қажет. Әр азаматтың, бүкіл қоғамның санасы өзгермейінше, басқа реформаның бәрі бекер. Ұлттың жаңа сапасы жаңа құндылықтар арқылы қалыптасады», деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Осы орайда, Мемлекет басшысы қазақ халқы үшін маңызды қасиеттер мен құндылықтарға қысқаша тоқталып өтті. «Бірінші маңызды мәселе. Біз еңбекқор болуымыз қажет. Қоғамымызда еңбек адамы бірінші орында тұруға тиіс. Шын мәнінде, барлық жетістіктің бастауы – адал еңбек және іскерлік. Табысқа жетудің жалғыз жолы – өз кәсібінің шебері болу және ерінбей еңбек ету. Түрлі қаржы пирамидасына, құмар ойындарға әуес адамдар ақшаның оңай жолмен келмейтінін түсінуі керек. Маңдай терімен табыс тапқан адам оны мақсатсыз шашып, ысырап қылмайды. Үнемшіл, қанағатшыл әрі ұқыпты болады», деп атап өтті Президент.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі академик Асқар Жұмаділдаевтың сөзін негізге алып, жастарды адал еңбек етуге шақырды. «Академик Асқар Жұмаділдаев айтқан пайыммен толық келісемін. Халқымыз осындай күрделі заманда ең алдымен, әлемге прагматикалық көзбен қарауы керек. Жастарымыздың санасы сергек, еті тірі, ширақ болуы қажет. Көрші мемлекеттердегі жас азаматтар шетелге барып, кәсіпорындар, дүкендер ашып, жақсы өмір сүру үшін жаңа дағдыларды игеріп жатыр. Олар, шын мәнінде, бәсекеге

қабілетті еңбекқор адамдар. Қазіргі жағдайда мен бір жерде өмір сүремін, балаларыммен өмір бойы бірге тұрамын деген ұғым әбден ескірген. Сондықтан құрметті ағайын, бәріміз озық болайық! Сонда ғана жастарымыздың көзі ашық, көкірегі ояу, ойлары ұшқыр болады, көптеген сын-қатерге төтеп бере алады. Өз жағдайын өздері жасап, жақсы өмір сүре алады», деді Мемлекет басшысы. Президенттің қоғамда дұрыс құндылықтар орнықпаса, жемқорлық, масылдық, ысырапшылдық сияқты әлеуметтік кеселдер тамыр жаятынын айтты. Сонымен қатар мемлекет басшысы: «Біз жастарға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беруге тиіспіз. Ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетті сіңіре алмасақ, білімнің пайдасынан зияны көп болуы мүмкін. Қанша жерден білімді болса да, жақсылыққа ұмтылмаған адамнан еш қайыр жоқ. Қоғамда дұрыс құндылықтар орнықпаса, жемқорлық, масылдық, ысырапшылдық сияқты әлеуметтік кеселдер тамыр жаяды. Қатігездік, немқұрайлық, жалқаулық – ұлттың болмысына теріс әсер ететін жағымсыз әдеттер. Қазіргі алмағайып заманда біз сабырлы, байыпты болуымыз қажет. Түрлі арандатуға ілеспей, әр нәрсеге ұстамдылықпен қарауымыз керек. Барлығын бір сәтте өзгертеміз деуге болмайды. Халыққа қажетті шараларды біртіндеп жүзеге асырып жатырмыз».

Елімізде жауапкершілік идеологиясы орнығуға тиіс. Ойланбай жасалған бір қадам, аңдамай айтылған бір ауыз сөз, ашумен істелген бір әрекет бүкіл елге қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан әрбір адам ел алдындағы жауапкершілігін терең сезінуге тиіс. Біз әрдайым өзара бауырмалдық пен тілектестікті, мейірімділікті дәріптеуіміз керек. Азаматтардың бір-біріне қамқорлығы елге деген жанашырлыққа ұласады. Біз отаншыл және мемлекетшіл болуымыз керек. Шын мәнінде, туған жеріңді сүйден асқан бақыт жоқ» деді. Жүрегі Отаным, елім, жерім деп соққан адам ештеңеден қаймықпайды. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Ең басты байлығымыз – туған еліміз. Сондықтан мемлекет мүддесі қашанда барлығынан биік тұрады.

МЕҢІҢ ӨЗ ТАҢДАУЫМ БАР

Мемлекетіміздің болашағы үшін маңызы өте зор іс-шараға қатысып, өз таңдауымды жасап, конституциялық құқығымды білдіру – ол менің ел азаматы ретіндегі міндетім деп білемін. Бұл күні әрбір қазақстандықтың дауысы маңызды екенін ұмытпағанымыз абзал. 20 қараша күні Президент сайлауына отбасымызбен арнайы барып, өз таңдауымызды жасаймыз. Сайлауға осы Тайынша жеріне «Атажұртым» деп көшіп келген менің барлық

ағайын-туыстарым, балаларым мен немерелерім де барады. Келешекте өмірімізді жалғайтын ұрпағым саяси науқанның маңыздылығын түсінеді деген ойдамын, сол келешек ұрпақтың болашағы үшін таңдау жасап, жүрегіміздің қалауымен Президент сайлауына қатысу – азаматтық борышым деп санаймын. Менің өз таңдауым бар! Мен таңдаған адам – Тәуелсіз еліміздің нағыз жанашыры болмақ!

Қожа Кабанұлы, «Тайынша таңы» газетінің тілшісі.

ЕРЕКШЕ САЙЛАУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ ЕРЕКШЕ

Быыл мүгедектігі бар сайлаушылардың дауыс беруіне жағдай жасауға ерекше мән берілуде. Бұл ретте, арбамен жүретін, құлағы нашар еститін және көзі нашар көретін заңғар жандардың сұраныстары толық ескерілді.

Еліміз 2015 жылғы 20 ақпанда Біріккен Ұлттар ұйымының Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы ратификациялап, мүгедектігі бар адамдарға қатысты халықаралық стандарттарды енгізу бойынша міндеттемелерді қабылдады. Қатысушы мемлекеттер мүгедектігі бар адамдарға дауыс беру және сайлану құқығына кепілдік береді, осы санаттағы азаматтарға сайлау процесіне толық қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Жалпы, мүгедектердің сайлау құқығын қамтамасыз ету бүгінде ҚР Орталық сайлау комиссиясы қызметінің басты бағыттарының бірі болып отыр. Бұған дейін мүмкіндігі шектеулі адамдар үйлерінен дауыс беретін. Яғни, өтініш негізінде комиссия мүшелері мүгедектігі бар сайлаушылардың үйлеріне баратын еді. Қазір елімізде сайлау учаскесіне келіп дауыс беруге ниетті мүгедектердің саны арта түскен. Елімізде 680 мың мүмкіндігі шектеулі жан бар. Оның 500 мыңы дауыс беруге құқылы.


Орталық сайлау комиссиясының соңғы мәліметтеріне сүйенсек, сайлау учаскелерінің 92 пайызы пандуспен, ал 82,3 пайызы кіреберісінде тактильді белгімен қамтылған. Сайлау күні әлі 253 учаскеге пандус, 525 учаскеге тактильді белгі орнатылады. Сайлау учаскелерінің 95,2% мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін арнаулы бұрыш жасалмақ. Сондай-ақ, учаскелердегі 94% кабинеті қоларбамен жүретін азаматтарға қолайлы етіп жабдықтау жоспарланған.

Аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерінің айтуынша, облыстың мүгедектігі бар сайлаушыларына қажетті барлық жағдай жасалған. Бүгінде облыста 3292 мүгедектігі бар сайлаушы бар. Оның 916-сы арбамен жүретіндер, 1581-і көзі көрмейтіндер және нашар көретіндер, 795 саңырау адам сайлауға қатыспақ.

Сайлау құқығын қамтамасыз етуде негізге алынатын тағы бір маңызды құжат – ҚР «Сайлау туралы» Конституциялық Заңында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету бойынша бірқатар нормалар қамтылған. 2018 жылғы 29 маусымда сайлаушылар болып табылатын мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында сайлау тәжірибесінде алғаш рет «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына толықтырулар қабылданды. Нақты айтқанда, 18-бапта (4-1-тармақ) учаскелік сайлау комиссиялары мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдау, 39-бапта (1-1-тармақ) дауыс беруге арналған үй-жайды жабдықтау кезінде мүмкіндіктері шектеулі азаматтар болып табылатын сайлаушылардың кедергісіз кіруі және онда дауыс беруі үшін жағдайлар қамтамасыз етілуін, 48-бап (2-1-тармақ) жергілікті атқарушы органдар сайлау комиссияларына мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыста жәрдемдесуге міндетті екенін көздейтіні атап көрсетілген.

Орталық сайлау комиссиясы жанындағы мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобы осы негізгі құжаттарды басшылыққа ала отырып, мүгедектігі бар адамдардың дауыс беру құқығын қамтамасыз ету, сайлау орталығында мәліметтердің болуын қамтамасыз ету мәселесіне баса назар аударып отыр. Дауыс беру күні мүгедектігі бар адамдар (көру, есту қабілеті бұзылған, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған) үшін сайлау учаскелерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет. Жұмыс тобы сайлау кезінде мүгедектерге жан-жақты жағдай жасалуын жіті қадағалауда.

Торғын ӘБІЛДА, журналист.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ 20 қараша 2022 жыл



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ»-ДЫҢ IPO-НА ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ...

2022 жылғы 9 қарашада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың IPO-на қатысу үшін өтінімдерді қабылдау басталады. Институционалдық инвесторлар 2022 жылғы 30 қарашаға дейін, ал бөлшек инвесторлар 2022 жылғы 2 желтоқсанға дейін өтінім бере алады.

«ҚазМұнайГаздың» шығарылған және орналастырылған акцияларының 90,42%-ы тиесілі «Самұрық-Қазына» ҰАҚ сатуға қағаздардың жалпы көлемінің 5%-на дейін немесе шамамен 30 505 974 жай акцияны ұсынуға ниетті. Қордың ақпараты бойынша, IPO өткізу кезінде мұнай және газ өндіру операторының жай акциясының бағасы 8 406 теңгені құрайды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниясының тең иесі бола алатын және одан ақша таба алатын жеке тұлғалар – бөлшек инвесторларға басымдық берілетін болады. Дивидендтік кіріс алу үшін инвестор акцияларды сатып алып, оларды өз портфелінде ұстауға тиіс.

Бағалы қағаздарды қалай сатып алуға болады?

Азаматтар акцияларды шығарған компаниядан оларды тікелей сатып ала алмайды. Ол үшін ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің лицензиясы бар инвестициялық делдалдарға, мысалы, брокерлер мен дилерлерге жүгіну қажет.

Брокерлердің тізімімен қаржы реттеушісінің www.gov.kz сайтында танысуға болады. Агенттіктің интернет-ресурсында көрсетілген инвестициялық делдалдың деректемелері брокердің лицензиясындағы деректемелермен сәйкес келуге тиіс екеніне назар аударыңыз.

Егер сіз бағалы қағаздарды тұрақты түрде сатып алу/сату бойынша одан әрі операцияларды жүзеге асырғыңыз келсе, қор нарығы бойынша талдамалық материалдарды да алғыңыз келсе, онда брокерлерге хабарласыңыз. Көптеген брокерлер қызметтерін өз клиенттеріне веб-сайттар және/немесе мобильді қосымшалар арқылы ұсынады. Бірақ брокермен шартқа қол қоймас бұрын, кейбір жағдайларды зерттеп алыңыз – ол туралы мына жерден оқыңыз. Брокер туралы басқа клиенттердің пікірлерін, БАҚ пен интернеттегі өзге де жарияланымдарды да зерделеу қажет. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін кейбір қаржы ұйымдары биржадағы компаниялардың акцияларын өздерінің мобильді қосымшалары арқылы, шот ашып, оны толтыру, қағаздарды сатып алу-сату, соманы өз шоттарының арасында конвертациялау және басқа да мүмкіндіктермен сатып алуға ұсынады. Акцияларды сатып алудың тағы бір тәсілі «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) Tabus мобильді қосымшасының «Тікелей жазылу» бөлімі болып табылады, ол акцияларды бірден сатуды жоспарламағандарға немесе брокерлік шотты кейін ашықсы келетіндерге арналған. Акцияларды кейіннен сату үшін брокерде шот ашу қажет болады. Тікелей жазылу шеңберінде клиенттің шоты АХҚО-ның Орталық депозитарийінде (AIX CSD) ашылады.

Интернеті үнемі бола бермейтін, еліміздің шалғай өңірлерде тұратын инвесторлар «Қазпошта» АҚ-қа жүгіне алады. Пошта операторы қаржы реттеушісінің тиісті лицензиясы негізінде мынадай:

- брокердің («Қазпошта») да шотты офлайн ашуға болады, бірақ алдымен осы қызметке тапсырыс беруге болатын бөлімшені нақтылау қажет және post.kz веб-сайты арқылы онлайн ашуға болады);

- шарт жасасу және брокерлік компаниямен одан әрі өзара іс-қимыл жасау үшін трансфер-агенттің қызметін ұсынады. Трансфер-агент – бұл өз клиенттері арасында құжаттарды қабылдау және беру қызметтерін көрсететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы;

- арнайы терминалдар арқылы тікелей жазылу қызметін ұсынады. Тікелей жазылымды таңдағанда (брокерлік шот ашпай) «ҚазМұнайГаз» акцияларын «Қазпоштының» арнайы терминалдары арқылы сатып алуға болады. Өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжатыңыз болу қажет.

Брокерге жүгінген кезде нені білу керек?

Мысалы, Қазақстанның қор биржасында (KASE) саудаттық жасау үшін сіз шот ашуыңыз керек. Биржаның мүшесі – брокер оны бағалы қағаздарды есептеуді, есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйым – депозитарийде шарт жасалғаннан кейін ашады.

Шот ашу үшін:

- жеке басты куәландыратын құжатты ұсыну;
- банк деректемелері туралы ақпаратты ұсыну;
- жеке деректері бар сауалнаманы толтыру қажет.

Өз брокеріңізден брокерлік шот ашу үшін қажетті құжаттар тізімін нақтылау қажет.

Цифрлық арналар арқылы брокерлік шотты ашу үшін қашықтан идентификаттаудың заманауи тәсілдері: ЭЦҚ, SMS, серпінді немесе биометриялық идентификаттау пайдаланылады.

Брокерлік шотқа ақшаны сіздің ағымдағы банктік шотыңыздан да, басқа тұлғаның шотынан да аударуға болады. Сіз инвестициялардың мөлшерін акция бағасына және бағалы қағаздар санына байланысты өзіңіз анықтайсыз. Ақшаны аудару кезінде брокердің, биржаның және депозитарийдің комиссияларына жұмсалатын шығыстарды ескеріңіз, оның мөлшерін брокеріңізден алдын ала біліп алыңыз. Инвесторлардың барлық өтінімдерінен «Өтінімдер кітабы» – бұл сатып алушының деректерін және сатып алу жоспарланған акциялар саны көрсетілген, акцияларды сатып алуға арналған өтінімдердің бірыңғай тізілімі қалыптастырылады. «Өтінімдер кітабы» ашылған және жабылған күндер туралы ақпаратты компанияның веб-сайтынан, өз брокеріңізден немесе биржалардың сайтынан алуға болады. «Өтінімдер кітабына» акцияларды сатып алуға өтінім беру жазылу кезеңінде брокер арқылы жүзеге асырылады.

Қанша акция сатып алғаныңыз туралы ақпаратты сізге брокеріңіз хабарлауы керек. Әдетте брокерлер бұл деректерді есеп және көшірме-үзінді түрінде жібереді, бірақ ақпарат беру тәсілдері әр компанияда әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан мұны да алдын ала нақтылап алыңыз.

Мысалы, егер сіздің шотыңызда берілген өтінімді төлеуге қаражат жеткіліксіз болса, онда өтінім «Өтінімдер кітабынан» алып тасталатынын білгеніңіз жөн. Ал ақшаны уайымдамаңыз – ол сіздің тапсырмаңыз бойынша ағымдағы банктік шотыңызға қайтарылады. Ең бастысы, бағалы қағаздарға инвестиция салмас бұрын, инвестициялық құралдың орнықты кірістілігі неғұрлым жоғары болса, тәуекелдер соғұрлым жоғары болатынын ұмытпаңыз. IPO-ға салынған инвестициялардың кірістілігі жоғары болып саналады, сәйкесінше олардағы тәуекел де жоғары болады.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі.

КРЕДИТТІК ТАРИХ ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

2022 жылғы 1 қазаннан бастап заңнамаға түзетулер күшіне енді, оған сәйкес қарыз алушылар туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беру және жаңарту мерзімдері өзгерді.

Бұл туралы Fingramota.kz толығырақ айтып береді.

Бұл өзгерістер 2022 жылғы шілдеде Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының күшіне енуінің нәтижесі болды. Мәселен, 2022 жылғы 1 қазаннан бастап кредиттік серіктестіктерді және коллекторлық агенттіктерді қоспағанда, ақпарат берушілер кредиттік бюроларға берілген жаңа қарыздар туралы мәліметтерді бір жұмыс күні ішінде, ал кредиттік тарих субъектілері туралы кез келген ақпаратты кейіннен жаңартуларды 10 жұмыс күні ішінде беруге міндетті. Бұрын олар ақпаратты айына екі рет – 15 жұмыс күні ішінде жаңартып отыратын.

Бұл ретте кредиттік бюроларға 10 жұмыс күні ішінде:

- коллекторлық агенттіктерді;
- тауарларды және көрсетілетін қызметтерді кредит беретін не төлемдерді кейінге қалдыруды ұсынатын, жүйеленген белгілерін Үкімет айқындайтын ДК немесе заңды тұлғаларды;
- коммуналдық қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерді қоспағанда, барлық ақпарат берушілер мәлімет береді.

Олар үшін кредиттік бюроларға ақпарат беру мерзімі кредиттік тарих субъектісіне қатысты кез келген деректер өзгерген немесе алынған күннен бастап 30 күнді құрайды.

Қазақстанда екі кредиттік бюро – Мемлекеттік кредиттік бюро (МКБ) және Бірінші кредиттік бюро (БКБ) жұмыс істейтінін еске саламыз, олар кредиттік тарихты қалыптастырады, бірақ дербес кредиттік есептерге өзгерістер енгізбейді. Мұны ақпарат жеткізушілер, яғни банктер, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар және тауарларды кредитке немесе бөліп-бөліп сататын өзге де тұлғалар жасайды.


Сіз өзіңіздің жеке кредиттік есебіңізді:

- МКБ-дан – id.mkb.kz сайты арқылы;
- БКБ-дан – www.1cb.kz порталы және мобильдік қосымша арқылы;
- www.egov.kz электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы;

- тұрғылықты жері бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарында (ХҚО) ала аласыз.

Заңнамалық жаңалықтар кімге тиімді?

Ең алдымен, өзінің кредиттік тарихын үнемі қадағалап отыратын қарыз алушыларға тиімді. Олар жеке кредиттік есепте алаяқтық кредитті уақтылы тауып, дер кезінде оны даулауы мүмкін. Кредиттік тарихтағы ақпаратты даулау жөніндегі қызмет қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі www.fingramota.kz. медиа порталында қолжетімді. Кредиттік тарихыңыздағы ақпаратты даулауға өтініш беру үшін өзіңіздің деректеріңізді арнайы нысанда: ЖСН және телефон нөмірін көрсетуіңіз керек. Өтініштерді өңдеу заңнамада белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Ақпаратты даулау туралы өтініш берілген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде және кредитор-



дан алынған жауаптың негізінде өтініш берушіге кредиттік бюролардан тиісті жауап жіберілетін болады.

Жаңа түзетулер алдап соғу арқылы қазақстандықтардың дербес және төлем деректерін иемденіп, жалған кредиттер рәсімдеуі жиілеп кеткен қаржы алаяқтарының әрекеттерінен қорғануға қосымша көмек болады. Бір адамның бірнеше кредиттік ұйымдардан бір мезгілде қарыз алу алаяқтық тәуекелі төмендейді. Ақпарат жеткізуші кредиттік бюро базасынан қарыз алушының қысқа мерзімде бірден бірнеше кредит рәсімдегенін көріп, күдіктеніп, оған қарыз беруден бас тарта алады.

Сондай-ақ, кейбір қарыз алушылар бір күн ішінде банктер мен микроқаржы ұйымдарында бірден бірнеше қарыз рәсімдей алатын. Нәтижесінде олардың борыш жүктемесінің коэффициенті заңнамада белгіленген шекті мәннен асып кететін. Банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешек және қарыз алушы үшін басқа да жағымсыз салдар туындайды.

Естеріңізге сала кетейік, борыш жүктемесінің коэффициенті (БЖК) – бұл қарыз алушының барлық өтелмеген кредиттері мен қарыздары бойынша төлемдердің оның ай сайынғы кірістеріне қатынасы. Кредиттік ұйымдардың БЖК-ны міндетті есептеу жөніндегі талапқа сәйкес, қарыз алушының барлық кредиттері бойынша ай сайынғы төлемдер оның ай сайынғы кірісінің 50%-нан аспауы тиіс. Бұл көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, азаматтардың кредит алуға мүмкіндігі де соғұрлым аз болмақ және сәл қаржылық қиындықтар туындаса олардың қарызға бату ықтималы жоғары болады.

Төлемге қабілетсіз адамдарға кредит беруге жол бермеу үшін Агенттік БЖК-ны есептеуге қойылатын талаптарды күшейтті. 2022 жылғы 1 шілдеден бастап БЖК-ны есептеу кезінде пайдаланылатын қарыз алушының кірістерін анықтаудың 12 өлшемшартынан қарыз алушының кірісінің барын дәйекті растамайтын 6 көрсеткіш алынып тасталды.

Осылайша, қаржы нарығы мен қарыз алушыларды берілген қарыздар туралы жедел хабардар ету үшін кредиттік бюроларда ақпаратты жаңартуға қатысты жаңалықтар кредиттік ұйымдарға қарыз алушының төлемге қабілеттілігін бағалауға, кредитке өтінімді қараған кезде қарыз алушының борыштық жүктемесі туралы жаңа ақпаратты көруге және жаңа қарыз беру немесе бас тарту туралы шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі.

• Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

ПЕТРОПАВЛДА ТАҚЫРЫПТЫҚ БРЕЙН-РИНГ ӨТТИ

С. Мұқанов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың коворкинг-орталығында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты Петропавл қаласының жастары арасында зияткерлік ойын өтті.

Іс-шараға Петропавл қаласының жастар ұйымдары, М. Қозыбаев атындағы СҚУ «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің және жас кітапханашылардан жасақталған командалар қатысты.

Ойын 2 кезеңнен тұрды. Жалпы командалар берілген тақырып бойынша 40 сұраққа жауап берді.

Кейбір тапсырмалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы білуді талап етсе, ал кейбіреулерінде логика мен тапқырлықты көрсету қажет болды.

Команда өкілдері үшін ойын форматы қызықты болды. Олар теорияны зерттеп қана қоймай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ситуациялық жағдайларды талдай алды.

Өз кезегінде, Солтүстік Қазақстан облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті бұл іс-шаралар жас солтүстікқазақстандықтар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыстың негізі болып табылатынын атап өтті.

«Соңғы жылдары Қазақстан, ең алдымен, мемлекеттік аппарат пен жұртшылықтың бірлескен жұмысының арқасында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бойынша елеулі қадамдар жасады. Тәрбие мен білім беру процесі адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастырудың негізі болып табылады. Сондықтан болашақ ұрпақты қазақстандық патриотизм мен сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу біздің қызметіміздің басты басымдығы болып табылады», - деді Превенция басқармасының басшысы Дамир Хабибулин.

Ойын қорытындысы бойынша бірінші орынды кітапхананың жас қызметкерлері командасы, екінші орынды – жастар үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері және үшінші орынды – Университеттің белсенділері иеленді.

Солтүстік Қазақстан облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті және білім беруді дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекске (бұдан әрі - Кодекс) өзгерістер енгізілді, оған сәйкес азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктер мен анықтамалар электрондық нысанда беріледі, азаматтардың қалауы бойынша қағаз жеткізгіште де берілуі мүмкін.

Электрондық нысанда берілген азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер, анықтамалар құжатты берген тіркеуші орган бастығының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылады.

Қазіргі уақытта, Кодекске сәйкес 4 куәлік түрі берілуде туу, неке (ерлі-зайыптылықты) қию, бұзу, қайтыс болу.

Азаматтық хал актілерін тіркеу саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуді реттейтін Қағидаларда электрондық үкімет порталы арқылы қызметтердің барлық түрлері бойынша өтініш беру және цифрлық куәлік беру мүмкіндігі көзделген.

Цифрлық куәліктер «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде және «egov mobile» мобильдік қосымшасында сақталады.

Сонымен қатар, елден тыс жерлерде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесі куәліктер мен анықтамалар қағаз жеткізгіште берілетінін ескеру қажет.

«Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қоры, «АХАЖ тіркеу пункті» ақпараттық жүйесі Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының және ведомстволарының ақпараттық жүйелерімен, оның ішінде Бірыңғай нотариалды ақпараттық жүйесімен, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттық жүйелерімен интеграцияланғанын қосымша хабарлаймыз, бұл уақыт пен қаржылық шығындарды қысқартады және оларды барынша цифрлық форматқа ауыстыруға мүмкіндік беретінін қосымша хабарлаймыз.

А. ШӘРІПОВА,
азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі бас инспекторы.



Денсаулық

Жедел ішек инфекциясы бүкіл әлемде кең таралған, олар ересектер мен балаларға әсер етеді. Барлық жұқпалы патологиялардың ішінде өткір ішек инфекциясы 20 пайызды құрайды. Ботулизм. Аурудың қоздырғышы – Clostridium botulinum. Инфекция анаэробты жағдайда бактериялар көбейетін және токсин көп мөлшерде жиналатын өнімдерді қолдану арқылы жүреді. Инкубациялық кезең 2-4 сағаттан 10 күнге дейін созылады. Орташа алғанда – 2 күн. Клиникалық көрініс. Ауру жедел басталады. Негізгі белгілері: бас ауруы, жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, көру қабілетінің бұзылуы, жұту, дауыстың өзгеруі. Өлім тыныс алудың сал ауруынан болады. Емі. Ботулизмге күдік болған кезде науқастар реанимация бөлімшелері бар стационарларға шұғыл госпитализациялауға жатады. Ең алдымен, асқазан мен ішек тазартылады, антиботулинистік Сарысу енгізіледі. Оны ең тиімді енгізу бірінші күннен басталу керек. Антибиотиктер тағайындалады. Аурудың ауыр ағымы бар науқастарға өкпені жасанды желдету жүргізіледі. Алдын алу:

* Консервіленген өнімдерді өндіру технологиясын қатаң сақтау.

* Үйдегі бланкілерді тоңазытқышта сақтаңыз.

* Күдікті өнімді пайдаланған адамдарға ботулинге қарсы Сарысудың емдік дозасының жартысын енгізеді. Әр түрлі вирустар және бір ауру. Гепатит – бауырдың қабынуымен байланысты аурулар тобының жалпы атауы. Олар пайда болу сипатымен, ағымның сипатымен, мүмкін асқынудармен ерекшеленеді. Кейбіреулер оңай және із қалдырмай өтеді, ал, басқалары өмірге қауіп төндіреді. Осы материалдан сіз гепатиттің қандай түрлері бар екенін, оларды емдеуге болатындығын, аурудың алдын алуға болатындығын білесіз. Ауру негізінен жұқпалы болғандықтан, инфекцияның алдын алуға болады. Ол ауа тамшыларымен берілмейді,

НЕЛІКТЕН БОТУЛИЗМ ҚАУІПТІ?

сондықтан, таралуды шектеу оңай:

- * тамақтанар алдында қолыңызды жуыңыз;
- * көкөністер мен жемістерді жуу;
- * ет, балық, теңіз өнімдерін термиялық өңдеу;
- * балалардың саусақтары мен заттарын жалап алуына жол бермеңіз; * денсаулығы белгісіз адамдармен қорғалмаған жыныстық қатынастан аулақ болыңыз;

* тек бір рет қолданылатын шприцтерді қолдану. Пирсинг пен тату – суреттің жанкүйерлеріне қырағылық таныту керек. Оларды құралдардың стерильділігіне кепілдік беретін сенімді салондарда ғана жасау керек. Медицина қызметкерлері үнемі профилактикалық диагностикадан өтуі керек, әсіресе, процедураның кейін инемен кездейсоқ инъекция болған жағдайда. Сондай-ақ, алдын алудың тиімді шарасы вакцинация болып табылады. Аурудың алдын алу үшін жеке гигиена шаралары жеткілікті болғанымен, вакцинация қауіпсіздікті нығайтуға көмектеседі. Кездейсоқ факторды жоққа шығаруға болмайды, содан кейін вакцинация инфекцияны қалдырмайды. АВГ вакцинациясы саяхатшыларға ұсынылады. Бірінші сапардан 2-4 апта бұрын бір рәсім жеткілікті. Бұл уақыт антиденелерді қалыптастыру үшін жеткілікті. Қосалқы репродуктивтік технологиялар. Қандай да бір себептермен әйел баланы табиғи жолмен туа алмаса, ол Тұжырымдаманың көмекші бағдарламасына жүгіне алады. Ерлі-зайыптыларға репродуктивтік кеңес алу үшін 1 жыл күтінуден кейін немесе 6 айдан кейін, егер әйел 35 жастан асқан болса, егер оның тұрақты емес немесе сирек етеккірі болса, эндометриоз немесе басқа да жағдайлар болса немесе еркекпен байланысты проблема бар болса. Мысалы, кейбір отбасылар немесе әйелдер суррогатия арқылы көмек сұрайды, онда әйел жүкті болуға және басқа ерлі-зайыптылардан немесе басқа адамнан бала тууға келіседі (бұл барлық елдерде рұқсат етілмейді). Суррогатияның екі түрі бар: дәстүрлі және гестациялық. Дәстүрлі суррогатияда суррогат ана өз жұмыртқаларын пайдаланады және болжамды ата-аналар үшін баланы күтеді. Бұл процедура дәрігердің кеңсесінде IUI көмегімен жасалады. Суррогаттың бұл түрі – суррогат ана мен бала арасындағы генетикалық байланысты қамтитыны анық. Заң бойынша, суррогат ана балаға қызығушылық танытудан бас тартуы керек, айы күні жетіп дүниеге сәби әкелгеннен кейін, келісім бойынша баланы ата-анасына тапсыруы керек. Гестациялық суррогатия күтілетін ананың немесе донордың жұмыртқасы денеден тыс ұрықтанған кезде пайда болады, содан кейін эмбриондар жатырға өтеді. Бала көтеретін әйелді көбінесе гестациялық тасымалдаушы деп атайды. Болжамды ата-анадан әке болуды растаудың заңды қадамдары,

әдетте, дәстүрліге қарағанда қарапайым, өйткені, бала мен тасымалдаушы арасында генетикалық байланыс жоқ. Сперма донорлығы бұл көмекші Тұжырымдаманың тағы бір түрі. Ол әйелдің жұмыртқаларын ұрықтандыру үшін донорлық шәуетті қолдануды қамтиды. Жасанды ұрықтандыру (не интракернальды ұрықтандыру немесе жатыршілік ұрықтандыру) және сирек инвитро-ұрықтандыру (IVF), бірақ, ұрықтандыруды тұжырымдама мақсатында әйелмен жыныстық қатынасқа түсетін донор да жасай алады. Бұл әдіс табиғи ұрықтандыру (NI) деп аталады. Аналық бездің резервін, фолликулалық динамиканы және байланысты биомаркерлерді картаға түсіру жүктіліктің болашақ мүмкіндіктері туралы жеке болжам жасай алады. Бұл балалы болуды саналы түрде таңдауды жеңілдетеді. Нашақорлықтың алдын алу Қазіргі уақытта нашақорлық эпидемия деңгейіне жетті. Оның таралуы осы қорқынышты құбылыспен күресу шараларына қарағанда тезірек жүреді. Сондықтан, қазіргі қоғамда нашақорлықтың алдын алу маңызды болып табылады. Бұл нашақорлықтың пайда болуын болдырмайтын шаралар кешенін білдіреді. Нашақорлық – есірткі туралы үнемі ойлайтын, оларды белгілі бір жағымды сезімдер үшін алуға немесе психикалық ыңғайсыздықтан арылуға тырысатын адамның жағдайы. Эйфория сезімін алу үшін нашақор бәріне барады. Ол мораль шекарасынан оңай өтіп, отбасын бұзады, қылмыскер және тіпті, кісі өлтірушіге айналды. Есірткіге тәуелді науқастың жеке басы өзіншіл болып, денесі таусылады, нәтижесінде нашақор өзінің өліміне керемет жылдамдықпен «қол жеткізеді». Нашақордың мүдделері тек есірткіні өндіруге және қолдануға назар аударатындықтан, оның қарым-қатынас шеңберінде негізінен қоғамға қарсы адамдар бар. Тәжірибесі бар нашақордың жұмысы, достары, отбасы жоқ. Қоғам үшін бұл мүлдем пайдасыз және олар тек проблемалар тудырады. Сондықтан, қоғам өзінің жайлылығы үшін ғана емес, адамгершілік мақсатта да нашақорлықтың өсуін азайтуға және есірткіге тәуелді адамдарды толыққанды өмірге қайтаруға тырысады. Бұл үшін ең қолжетімді және заманауи тәсіл мектептерде нашақорлық пен уытқұмарлықтың алдын алу болып табылады. Өйткені, жасөспірімдер көбінесе осы тәуелділіктердің құрбаны болады. Балалар дұрыс көзқараспен және қолжетімді ақпаратпен нашақорлық сияқты құбылыс туралы өз пікірін қалыптастыра алады. Олар есірткінің не екенін, ағзаға қалай әсер ететінін және оларды қолданудың салдары қандай екенін нақты түсінеді.

Материалды дайындаған Ұлпан АМАНБАЕВА, «Astana Clinic» серіктестігінің басшысы.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН БІЛЕСІЗ БЕ?

Бірінші ереже: Өз өміріңізді жақсы көріңіз: Ең маңызды қызықты өмір сүру, өзіңді және айналасың жақсы көру және өмірдің әр кезінде жаңа қызығушылықтарды табу. Адам жаспен өзгереді және оның қоршаған өмірі өзгереді. Ең алдымен бұл адамның физикалық күйін, оның материалдық тұрмыс жағдайын, мансап (зейнетке кетуі) қоғамдағы жағдайына әсер тигізеді.

Сондықтан адамға өзінде ішкі қорды табу қажет, ол келе жатқан қарттыққа өз өмірінде жаңа мерзімге бейімделеді. Бәрі мәселе тек қана сіз кім боласыз — жасан қарт немесе ерте қартайған жас адам. Бірақ сіз өмір сүйсеңіз және сосын не болады, сіздің балаларыңыздың, немерелердің, достардың және жақын туыстардың тағдыры қалай болатыны сізге бәрібір болмаса, сізде ұзақ және толымды өмір сүруге мүмкіндік бар..

Өйткені ұзақ өмір сүруге талпыныстың өзі адамды мықты және шыдамды етіп жасайды, және ең бастысы, саналы және тиімді болу. Бақытты өмірдің жарыға қайсыларына алдамшы шамшырақ көрінетіндерге қарағанда, өз өміріне разы адамдар тұмау және онкологиялық ауруларымен азырақ аурады.

Екінші ереже: шығармашылыққа талпыну: Ол сізге өмірге деген қызығушылықты сақтайды. Адам өмірінің әр түрлі кезеңдерінде өмір қызығушылығы ауысады. Егер адамда өз өмірінің қай кезеңінде өзіңді толық іске асырмауға әкелсе, ол адамда өмірге қызығушылық жоғалады. Тек шығармашылық пен сүйген ісі өмірге қызығушылық және махаббатты сақтауға оған көмектеседі. Қайта шығармашылықта әр түрлі болады (жоғары өнерден үй жанындағы учаскеге дейін), бастысы, ол сізге қуаныш пен бақыт әкелсін және сізді жас болып жасасын. Егер де сіз мақсатты және сізде сүйікті ісіңіз болса, қайсы сіздің өміріңіздің мағынасы болып табылса, онда сіз бақытты адамсыз. Өйткені сіз өзіне лайықты жұмыс тауып және өмірде өз орныңызды таптыңыз. Шығармашылық өмірге таусылмас махаббат және қызығушылық болады. Ол өмірдегі жағымсыз көріністен аулақ етеді және сіздің өмір жолыңдағы алуан кедергілерді жеңуге көмектеседі. Сондықтан өткен өмірмен тұруға болмайды, өйткені ол жиі күйзеліске әкеліп соғады. Келе жатқан қарттық жағдайына адамға қажет өзінің сүйген ісіне, жазып ақталмаған кітапқа немесе саяжайды көріктендіруге, туыстарға көмегін және т.б. арнау. Бастысы ол осында өзінің өмір мағынасын табу. Ол адамға ұзақ және толық өмір сүруге көмектеседі.

Үшінші ереже: Жақсы дене қалпын сақтаныз: Жалқаулық және әрекетсіздік денсаулық үшін өзінде жасырым қауіп-қатерді әкеледі, себебі гиподинамияның жиі себебі болып табылады. Адамда жасы үлкейген сайын қозғалтқыш белсендігі азаяды. Бұл оның міңез-құлығының өзгеруіне, жаңа дағдылықтың пайда болуымен байланысты: түскен кейін ұйықтау, күні бойы диванда отыру және теледидар қарау, дене жүктелістен қашу, аз қимылдау және тағы басқа. Гиподинамия артық салмақ пен шылым шегуді қоса атеросклероз дамуын жылдамдатады, жастық аурулар ағымын қиындатады және ол ағзаның ерте қартаюына әкеледі. Егер жастықта дене белсенділігің артуы артық салмағының патогенді әсерін компенсациялау болса, онда жас шамасымен гиподинамия және бұлшық ет жиынның азаю салдарынан жүрек-тамыр аурулары және 2 типті қант диабетінің пайда болуы мүмкін. Ет бұлшық белсенділігіңің азаюы және ет бұлшықтың атрофиясы инсулинге тұрақтылық себепші болу мүмкін. Керісінше, белсенді жаттығатын спортшыларда инсулинге талшық сезімділігі артады, демек, қанда қант деңгейі төмендейді. Ол көмірсу алмасуға және атеросклероз ағымын қалпына келуге себепші болады. Сондықтан, гиподинамияның тұтқынында болуға қаламасыңыз, өз өмір салтын өзгертіңіз, белсенді адам болыңыз. Алдымен өз туралы ойды өзгертіңіз. Сіз мықты және қайратты екеніңізді елестетіңіз. Өзіңді жас болғандай сезіңіз: билеңіз, ән айтыңыз, достармен кездесіңіз, саяхатқа барыңыз, төңертенге дейін қыдырыңыз, диван және теледидардан бас тартыңыз, жаяу көбірек жүріңіз. Егер сізде тренажер залына баруға мүмкіндігіңіз болмаса, онда сіз оны таза ауада серуенге, үй жанындағы учаскедегі жұмысқа, би немесе велосипедте жүруге айырбастай аласыз. Келе келе дене жүктелісті арттырыңыз: лифтен бас тартыңыз, баспалдақ арқылы жоғарыға көтеріліңіз, мүмкіндік бойынша қоғамдық транспортпен азырақ пайдаланыңыз. Белсенді демалыс – депрессия және гиподинамиядан панацесі. Әдемі дене әрқашан өзекті, бұл тек диетада отырған және жаттығатын әйелдерге ғана емес, еркектерге қатысты.

Төртінші ереже: Салауатты өмір салтын жүргізу және зиян дағдылықтан бас тартуға күшті табыңыз: Адам ағзасына алкогольдің және шылым шегудің әсері туралы талай белгілі. Әр бір парасатты адамға белгілі алкоголь мен шылым шегу қиянаты кезде ұзақ және дені сау өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан зиян дағдылықтың қауіптілігін сезіну керек және салауатты өмір салтына өту. Жана өмірді бастауға ешқашан да



кеш емес. Егер сіз өз ағзанызды көп жеумен, маскүнімдікпен және шылым шегумен әбден жойсаңыз, сізде бәрібір бәрің жақсы жаққа өзгертуге мүмкіндігіңіз бар.

Бесінші ереже: Өз тамағыңызды бақылауға үйреніңіз және салмағыңызды бір қалыпты сақтаңыз: Өз тамағыңызды дұрыс бақылау үшін, адамға қалыпты тағамдық мінез-құлығының басты ережесін сақтау қажет: белгілі уақытта және белгілі орында (үй, жұмыста, асханада) тамақ ішеуге. Достар компаниясында дәмханаларда, жеңіл асханада кездейсоқ тамақ қабылдаудан аулақ болу. Сонымен қатар, патологиялық әдеттен, әсіресе әйел жынысының тамаша өкілдер үшін тән эмоционалды кернеуді тамақ ішуден аулақ болу. Аштықтық сезімін жаман көңілден ажыратуға үйреніңіз және тамақ ішу көмегімен көңіл күйін көтеру әдеттен және тек қана аш болғанда тамақ ішуден бас тартыңыз. Өз салмақты бақылау қажет және дене жаттығулар көмегімен, жоғары көмірсүтек өнімдерді шектеу арқылы оны сақтау қажет. Өз артық салмақты анықтау үшін, Сіздің нақты салмағыңызды және идеалды салмақ арасындағы айырмашылықты бойыңызға және дене бітіміне сәйкес есептеу қажет. Ең белгілі Броктің формуласы оған сәйкес килограмдағы дененің идеалды салмағы бойының сантиметрге тең минус 100. Мысалы, Бойы 160 см болса, онда, Сіздің қалыпты салмағыңыз 60кг тең болу қажет 60 кг (160-100=60). Егер Сіздің нақты салмағыңыз 90 кг болса, онда артық салмағы 30 кг тең болады (90-60=30). Дәрігерлердің арасында бұрыннан таратылған сөлемше белгіле: «Барлық ауру артық салмақтан». Шындықта, да Сіз өз көректі және тамақтық әдеттеріңізді бақылаңыз, ұзақ өмір сүру және жастық шақты сақтауыңда өз ағзасына көмектесуге қаншылықты дайынсыз ойланаңыз. Ал біз Сізге зор денсаулыққа және әсем жастық шаққа сабырлықты және ерік күшін тілейміз.

Медициналық әдебиеттерден арнайы газет оқырмандары үшін мақаланы дайындаған: Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ.

ТАҒАЙЫНДАУ



**САҒАТОВ
ЖАСҰЛАН МЕНДІБАЙҰЛЫ**

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы болып тағайындалды.

ТАҒАЙЫНДАУ



**БЕГЕНОВА
БИБИГУЛЬ БАГИТЖАНОВНА**

2022 жылдың 14 қарашасынан бастап Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық эпидемиологиялық бақылау комитеті Солтүстік Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Тайынша аудандық санитариялық эпидемиологиялық басқармасының басшысы болып тағайындалды.

ТУҒАН ӨЛКЕСІН ҚОРҒАУ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘРБІР АЗАМАТЫНЫҢ ПАРЫЗЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен 2022 жылдың күзіне әскерге шақыру науқанын ұйымдастыру және өткізу туралы анықтама бойынша Тайынша ауданының аумағында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы, «Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу қағидалары» 2012 жылғы 15 мамырдағы №620 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, ҚР Президентінің 2022 жылғы 04 наурыздағы №827 «Мерзімді әскери қызмет әскери қызметшілерін запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2022 жылғы наурыз-маусым және қыркүйек-желтоқсанда мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығына, Тайынша ауданы әкімінің 2022 жылғы 11 наурыздағы № 74 «2022 жылғы наурыз-маусым және қыркүйек-желтоқсан айларында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы» қаулысы негізінде ұйымдастырылады. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру азаматтарды әскери қызметке даярлауды ұйымдастыру мен жүргізудің, ҚР-да әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың әскери есебін жүргізудің көрсеткіші және бағалау элементі ретінде болып табылады. Жалпы әскерге шақыру науқаны жылда асқан ұйымдастырушылықпен өтеді. Әскерге шақыру басталғанға дейін ауылдық округтер бойынша шығу кестесіне сәйкес әскерге шақырылуға жататын әскерге шақырылушыларды алдын ала зерделеу жүргізілді. ҚІБ әскери қызметшілері әскерге шақырылушылармен және әскерге шақырылушылардың ата-аналарымен әңгімелесу өткізді, әскерге шақыру, әскерге шақырудан жалтару және медициналық куәландырудан жалтару жөніндегі заңнаманың талаптарын түсіндіріледі. 2022 жылғы 25 тамызда Тайынша ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің базасында ауылдық округтердің мамандарымен 2022 жылдың күзінде әскери қызметке шақыруды өткізу бойынша нұсқаушы-әдістемелік сабақтар өткізілді, онда мамандар шақырылуға жататын әскерге шақырылушыларға шақыру қағаздарын табыс етті (кіріс № 1522) және кестелер: әскерге шақыру комиссиясы өткізу және сараптама тапсыру бағытында жұмыстар атқарылды.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» ҚР Заңының 17-бабына сәйкес ауылдық округ әкімдеріне мынадай іс-шаралар жүктелді: әскерге шақырылушыларды жергілікті әскери басқару органдарына шақыру туралы хабардар ету және осы шақыру бойынша күн тәртібінде көрсетілген тармақтар мен мерзімдерге уақтылы келуге жәрдемдесу.

Осы бағытта мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды полиция және прокуратура бөлімінің (кіріс №91) органдарымен бірлесіп іздестіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес әскери есептен және әскерге шақырудан жалтарған әскерге

шақырылушыларды іздестіру жүргізіледі.

2020 жылғы № 722 медициналық шақыру талаптарына сәйкес, барлығы 62 әскерге шақырылушының келетін жеке істер бойынша зерделенуге тиіс болды. Көктемгі шақыруға барлығы 55 адам алдын ала іріктеліп, зерделенді, оның ішінде барлығы ҚР ӘҚ-14, ҰҚК ШҚ -16, ІІМ ҰК -24, ТЖМ -1.

2022 жылдың күзінде әскерге шақыру наряды - 46 адамды құрайды, оның ішінде ҚР ҰҚК Шекара Қызметі - 9 адам, ҚР Мемлекеттік күзет қызметі - 0 адам, ҚР Қарулы Күші - 19 адам, ҚР ІІМ Ұлттық ұланы - 17 адам, ҚР ТЖМ - 1 адам.

Аудан әкімімен бекітілген медициналық комиссиядан өту кестесіне сәйкес, (кіріс №1512) әскерге шақырылушылар әскери қызметке жарамдылығы тұрғысынан куәландыру үшін, әскерге шақыру медициналық комиссиясынан өту үшін белгіленген мерзімде келді.

Бүгінгі күні шақыру комиссиясы 115 адам өтті, оның ішінде. Әскери қызметке жармды - 47 адам.

Тексерілуге жіберілгендер – 36 адам.

Тексерілуден өткендер – 15 адам.

Әскери қызметке уақытша жармсыздар болған жоқ.

Бейбіт уақытта әскери қызметке жармсыздар, соғыс уақытында шектеулі жарамды – 18 адам.

Әскери есепті қоспағанда әскери қызметке жармсыздар – 1 адам.

27 жасқа толғандар бойынша әскери қызметке әскерге шақырудан босатылғандар – 3 адам. Бүгінгі күні нарядқа сәйкес арналған - 20 адам, оның ішінде ҚР ӘҚ - 6 адам, ҚР ҰҰ - 14 адам. Бігінгі күні әскерге шақырылғандар: ҰҚК ШҚ - 9 адам, ҚР ӘҚ – 15 адам. Тайынша ауданының балалары әскерде абыроймен қызмет етеді, командирлерден алғыс хаттар, құрмет грамоталарын алады, көбін жауынгерлік және саяси дайындықтағы жақсы көрсеткіштері үшін үйіне демалыспен марапаттайды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, қазіргі қазақстандық армия Ұлы даланың батыл батырларының даңқы мен жауынгерлік дәстүрлерін мұра етіп қалдырды және бұл туралы әрқашан есте сақтау қажет. Президент тек біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде бейбітшілік пен тыныштықты қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы қызмет біздің жастарымыз үшін – бұл аға ұрпақтың ерлік және жауынгерлік дәстүрлеріне негізделген қазақстандық патриотизмнің қуатты, адамгершілік және идеологиялық мектебі.

Еліміздің Қарулы Күштеріне шұғыл әскери қызметке шақыруға бел буған қазақстандықтар майдангерлердің ерлігі мен тыл еңбеккерлерінің, Ауғанстанда соғысқан сарбаздардың, офицерлердің жанқиярлығы, олардың ерлігі мен орасан зор патриоттық үлгіде тәрбиеленгеніне сенімдімін.

**Гүлбаршын БАТЕНОВА,
Тайынша ауданы әкімінің орынбасары.**

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫҢЫЗДЫ ҮНЕМІ БАҚЫЛАП ЖҮРІҢІЗ!

Зейнетақы жинақтары туралы ақпарат алудың ең сұранысқа ие тәсілі –

электрондық әдіспен Жеке кабинет арқылы алу

Жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) аударымдарды қадағалау қажеттілігі бар ма? Мұны қаншалықты жиі және қалай жасау керек?

БЖЗҚ өз салымшыларына (алушыларына) ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының жай-күйін тұрақты негізде қадағалауды, оның ішінде Қордағы жеке зейнетақы шотына жұмыс берушіден жалақыңыздан 10% мөлшерде ұсталған міндетті зейнетақы жарналарының уақтылы түсуіне назар аударып отыруыңызды ескертеді. Өкінішке орай, жұмыс берушінің өз міндеттемелерін толық орындамайтын немесе мүлде орындамайтын жағдайлар да кездеседі. Сондықтан өз жеке зейнетақы шотыңыздағы зейнетақы жинақтарыңыздың жай-күйін жүйелі түрде тексеріп отыраңыз артық етпейді.

ЖЗШ-дан үзінді көшірме алу - бұл салымшылардың (алушылардың) заңнамалық бекітілген құқығы және оны төмендегі тәсілдермен алуға болады:

- электрондық;
- БЖЗҚ-ға ұсынылған мекенжай бойынша электрондық пошта арқылы;
- Жеке кабинет арқылы;
- тікелей БЖЗҚ кеңсесіне жеке өтініш жасаған кезде;
- пошта қызметі арқылы.

Қазір зейнетақы жинақтары туралы ақпарат алудың ең сұранысқа ие тәсілі - Жеке кабинет арқылы электрондық әдіс. 2022 жылдың 1 қарашасына 6,4 млн-ға жуық адам БЖЗҚ сайты мен мобильді қосымшасында Жеке кабинет арқылы әлемнің кез келген нүктесінен 24/7 тәртібінде жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу мүмкіндігін таңдады.

Зейнетақы қызметтерін цифрландыру - Қор қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Мысалы, 2014 жылы (барлық зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға беруді аяқтау кезеңі) жинақтар туралы ақпарат алудың осы әдісін 330 мыңнан астам адам пайдаланды. Демек, бүгінде олардың саны шамамен 20 есе өсті.

2022 жылғы 1 қарашада 3,2 млн салымшы мен алушыда хабарлау тәсілі БЖЗҚ кеңселеріне жеке жүгін ретінде айқындалды. Аталмыш статистика Қорда автоматты түрде ашылатын шоттар есебінен толықтырылады. Бұл ретте олар бойынша «Өзі келіп, өтініш беру» хабарлау тәсілі айқындалған. Сіз оны epf.kz сайтындағы Жеке кабинетте ЭЦҚ пайдалану арқылы өзгерте аласыз, не Қордың кез келген бөлімшесіне немесе «Қазпошта» АҚ-ның 376 бөлімшесінің біріне бару арқылы хабарлау тәсілін өзгерту туралы келісім жасасуға болады.

750 мыңнан астам адам ЖЗШ-дан үзінді көшірмені электрондық пошта арқылы алуды таңдаған. Естеріңізге сала кетейік, осы ақпараттандыру әдісі таңдалған жағдайда салымшы (алушы) ЖЗШ-дан үзінді көшірмені БЖЗҚ базасында тіркелген өзінің электрондық мекенжайына epf.kz сайтындағы электрондық қызмет арқылы шексіз рет жіберуге мүмкіндігі бар.

ЖЗШ-дан үзінді көшірмелері салынған конверттерді әлі де 1 миллионға жуық адам күтуде. 2014 жылы олардың саны шамамен 4 млн. болатын.

Мұнымен қатар, пошта арқылы хабардар етуді таңдаған салымшылар (алушылар) қолданыстағы зейнетақы заңнамасына сәйкес Қорға өз міндеттемелерін орындауға есер ететін барлық өзгерістер туралы хабарлауға міндетті екенін еске саламыз.

Сондықтан БЖЗҚ төмендегідей өзгерістер туралы уақтылы хабарлауды сұрайды:

- электрондық мекенжай («электрондық пошта (e-mail)» арқылы хабарлау тәсілін таңдаған жағдайда);
- пошта мекенжайы («пошта байланысы арқылы» хабарлау тәсілін таңдаған жағдайда). Егер мұны уақытында жасамасаңыз, сізге ескі мекенжайға жіберілген ЖЗШ-дан үзінді көшірмесі бар конверт БЖЗҚ-ға кері қайтарылады. Ал Қор өз кезегінде, зейнетақы заңнамасына сәйкес келесі жылға үзінді көшірмені жібермеуге құқылы.

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

2022 жылғы 1 қарашасының жағдайы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 77 отбасына тағайындалды, оның ішінде 362 адам, оның 26 отбасы көпбалалы, оның ішінде 169 адам, оның ішінде 122 бала.

Шартты ақшалай көмек 57 отбасына оның ішінде 284 адам. Шартсыз ақшалай көмек 20 отбасы, оның ішінде 78 адам.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек - отбасының әрбір мүшесіне жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% - төмен азаматтарға төленетін уақытша қаржылық қолдау. 2022 жылдың төртінші тоқсанында кедейлік шегі 32708 теңгені құрады.

Халықты әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органдардың жұмысындағы басымдықтардың бірі болып табылады, онда көп балалы аналарға ерекше көңіл бөлінеді.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының деректері бойынша ағымдағы жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша ауданда 729 көпбалалы отбасы тұрады, оның ішінде:

- «Алтын алқа», Күміс алқа» алқаларымен, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған 349

көпбалалы ана;

- Өз құрамында төрт және одан да көп бірге тұратын көмелетке толмаған балалары, оның ішінде көмелетке толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітірген уақытқа дейін (бірақ одан артық емес) жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар 380 көпбалалы отбасы.

Жыл басынан бері 26 көпбалалы отбасына (169 адам) атаулы әлеуметтік көмек төленді.

Көпбалалы отбасыларды қолдаудың түрлі нысандарының ішінде жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдерден басқа, мемлекет жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды көздейді.

Ағымдағы жылдың 1 қарашасының жағдайы бойынша көп балалы отбасылардан 5 адамы жұмысқа орналасу үшін жұмыспен қамту арталығына жүгінді.

Өтініш білдірген 5 адамның 3-і тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды, 1-і уақытша қоғамдық жұмыстарға, 1-і қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарына жіберілді.

**А. ЕСЕНГЕЛДИНОВА,
халықты жұмыспен қамту Орталығының кеңесшісі.**

ОЛАР ҚОҒАМ НАЗАРЫНАН ЕШҚАШАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Қолдауға мұқтаж жандар ішінде әлем бойынша 2,2 млрд. адамның көзі нашар көреді, оның ішінде 36 мың адам мүлдем көрмейді. Сондай-ақ нашар көретін және зағип адамдардың 65 пайызы 50 жастан асқандар. Қалған 35 пайызы балалар мен жастар. Осыған қарағанда бұл ауру жас талғамайды. Сондықтан қазіргі заман қоғамының міндеті осы санат өкілдерін түсіну және қолдау. Ағымдағы жылы өзінің 85-жылдығын атап өткен қазақстандық зағиптар қоғамы I және II топтағы қазақстандық мүгедектерді біріктіріп, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғап келеді. Республикалық бірлестік құрамында А.Жантілесовтің басшылығымен «ҚЗҚ» ҚБ СҚО Тайынша ауданы бойынша филиалы да бар.

Зағип адамдардың ішінде де басқа да адамдар сияқты белгілі бір талант иелері бар, сондықтан да оларды қоғамнан тыс қалдырмау өте маңызды, тіпті оларға адамдармен араласу, өз мүмкіндіктерін іске асыру керек және де оларға қоғамның назары өте қажет.

«ҚЗҚ» ҚБ СҚО Тайынша ауданы бойынша филиалы қанатының астында бүгінгі күні 64 адам бар. Қоғамның барлық мүшесі әр түрлі жаста және түрлі ұлт өкілдері. Оларды біріктірген ортақ қайғы ғана емес, белсенді өмір сүруге, байланыста болуға, өз күші мен мүмкіндігіне қарай әрекет етуге деген ниет те бар. Филиал аудандық ардагерлер кеңесімен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Бірлестік мүшелері аудандық іс-шаралардан да тыс қалмайды, түрлі сайыстарға қатысады.

Уақыт көрсеткендей зағип болып та, өзін өнерді, спортты, әдебиетті қатар алып жүруге болады. Әлемде көру мүмкіндігінен айырылса да, еңбек етіп, танымал болған адам қаншама.

Амантай Еламанұлының айтуынша, ҚЗҚ аудандық филиалының мүшелері үнемі облыстық сайыстарға қатысып тұрады. Мысалы, апалы-сіңлілі Алтынкүл мен Қоныскүл Боранбаевалар әнді керемет орындайды, Лариса Федотова өлең жазады. Бірлестіктің ең жас өкілі Елизавета Бродовская фортепианода ойнайды, жуырда ол «Шуақты әлем» облыстық фестиваль сайыста екінші орынға ие болды. Петропавлда Балалар жылы аясында алғаш рет осындай фестиваль өтіп, оған арнайы білім беру қажеттіліктері бар 140 өнерпаз қатысты. ҚЗҚ-ның 85 жылдығына арналған облыстық солист-вокалист сайысына М.Жұмабаев пен А.Боранбаева қатысып, жүлделі үшінші орынды иеленді, Л.Федотова мен Е.Ветряк мәнерлеп оқу сайысына қатысып, дипломмен марапатталды.

Амантай Еламанұлы 2008 жылдан бері бірлестікті басқарып келеді. Белсенді жұмысы үшін осы жылы Республика күніне орай аудан әкімінің алғыс хаты мен аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің грамотасымен марапатталды. Одан басқа, Амантай Еламанұлы Тайынша ауданының делегациясы құрамында Қазақстан Республикасы күніне арналған облыстық салтанатты іс-шараға қатысты. Бірлестік басшысының ең басты есте қалар оқиғасы – Алматы қаласына сапары болды. Онда 7 қазаннан бастап жоғарыда аталған республикалық ұйымның мерейтойына арналған қорытынды салтанатты іс-шара болып, оған ҚЗҚ-ның құрметті мүшелері шақырылып, оның ішінде А.Жантілесов те болды.

Халықаралық зағиптар күні қарсаңында А.Жантілесов полиция қызметкерлерімен бірлесіп, «Зағип жаяу жүргінші» акциясын өткізіп, тайыншалықтарға «Ақ таяғы бар адамға көмектес» жадынамасын таратты.



Қаржылай қолдау болмаса, кез келген қоғамның жұмысы баяулайды немесе мүлдем тоқтайтыны белгілі, ҚЗҚ аудандық филиалында материалдық негіз жоқ, қандай-да бір іс-шаралар демеушілердің қаражатына өткізіледі. Мысалы «Көкшетау облгаз» ұйымы жыл сайын атаулы күн қарсаңында филиалға 10 газ балонын жібереді, биыл мұқтаж адамдарға 20 данасы жіберілді, оның оны басқа демеушілер қаражатына алынды. Сондай-ақ демеушілік қаражатқа бірлестік мүшелерінің 4 баласына аяқ киім алынды.

А. Жантілесов демеуші кәсіпкерлер А.Егімбаев, М.Ибраев, А.Хасенова, Ш. Сельмурзаев, А.Жилина, Д.Титовец, В.Филь, С.Кондрацкая, О.Бичовина, Ф.Мұсаев, Е.Вольфер, Г.Исенева және басқаларына алғыс айтады.

- аудандық және қалалық әкімдікке, аудандық мәслихатқа, «AMANAT» партиясының аудандық филиалына, аудандық ардагерлер кеңесіне, мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне, спорт бөліміне, аудандық кітапханаға, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне, аудандық «Тайынша таңы» және «Тайыншинские вести» газеттеріне алғыс айтамын. Қашанда қолдау көрсетіп отырады, - дейді А.Жантілесов. Ол солай болу керек. Бұл санаттағы адамдар ешқашан да қоғам назарынан тыс қалмауы тиіс деп ойлаймын.

Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОЛЛЕДЖДЕРДЕ АЛҒАШ РЕТ ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР КҮНІ ӨТІП ЖАТЫР

15 қараша еліміз бойынша 700-ден астам колледж алғаш рет Жұмыс берушілер күнін атап өтті. Іс-шараға ірі компаниялардың, шағын және орта бизнестің 4 мыңнан астам өкілі қатысып отыр. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жұмыс берушілермен 600-ден астам меморандум мен 500-ден астам ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Өңірлердегі колледждер «Энергожүйе» ЖШС, «Жарық» Ақтөбе механикаландырылған электр желілері кәсіпорны, «LTD» ЖШС, «Қазақ ұны» ЖШС, «Межрегионэнерготразит» ЖШС, «Астықжан КТ» ЖШС, «ПФ BEST» ЖШС, «Гидро-сталь» ЖШС және басқа да кәсіпорындармен меморандум жасасты. «Жұмыс берушілер күні кадр даярлау және түлектерді жұмысқа орналастыруда жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту мақсатында өткізіліп отыр. Бүгінгі таңда коллед-

және кәсіптік білім департаменті директорының м.а. Ернат Жүнісов.

Жұмыс берушілер күні аясында облыс кәсіпорындары студенттерге экскурсиялар өткізіп, бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастырды. 700-ге жуық тақырыптық кездесу, 800-ге жуық дөңгелек үстел, семинарлар, шеберлік сабақтары мен тренингтер өткізілді. Кадрларды даярлаудағы жемісті ынтымақтастығы үшін 2,4 мыңнан астам жұмыс беруші Оқу-ағарту министрлігі мен білім басқармаларының алғыс хаттарын алды. Елімізде алғашқы рет өтіп жатқан іс-шара Тайынша Агробизнес колледжінде де аталып өтті. Іс-шара барысында «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу» арнайы пәндерінің оқу кабинеттері, шеберханалары мен зертханалары бойынша экскурсиялар өткізілді.

Іс-шара колледж түлектерін одан әрі жұмысқа



және ірі кәсіпорындармен және ұйымдармен белсенді ынтымақтастық орнатып жатыр. Академиялық тәуелсіздік аясында колледждер жұмыс берушілермен бірлесіп, еңбек нарығының сұранысына сай білім беру бағдарламаларын әзірлейді. 500-ден астам ТЖКБ ұйымы дуалды оқытуды енгізді және жұмыс берушілер де мамандарды даярлауға белсенді атсалысып келеді. Екіжақты ынтымақтастықтың арқасында студенттер теорияны практикамен ұштастырып, таңдаған мамандығын жұмыс орнында тікелей үйренеді. Яғни кәсіпорындар өз қызметкерлерін оқытуға және үздік студенттерді жұмысқа алуға мүмкіндік алып отыр. Ал студенттер бірте-бірте мамандыққа түсіп, еңбекке қажетті машықтарды меңгереді. Биылғы оқу жылында нысаналы мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында кәсіпорындардың сұранысы бойынша 10 мыңнан астам адам колледждерге қабылданғанын атап өткім келеді», - деді Оқу-ағарту министрлігі Техникалық және

орналастыру перспективалары туралы сындарлы диалог алаңы форматында жалғасты, онда жұмыс берушілер колледж студенттерін одан әрі жұмысқа орналастыруды ұсынды, ЖШС, ШҚ жетістіктері туралы айтып берді, колледж жұмысына білікті жұмысшы кадрларды даярлағаны үшін алғыс айтты.

Жұмыс берушілер, колледждің әлеуметтік әріптестері Ж.Ж. Габдуллин, А.О. Әлжанов Білім министрлігінің грамоталарымен, әлеуметтік серіктестер Ж.М. Қазбекова, Е.В. Николук, «Көкше-Техстрой» ЖШС алғыс хаттарымен және колледжбен бірлескен ынтымақтастығы үшін марапатталды, колледждің алғыс хатымен жалпы колледж іс-шараларының тұрақты қатысушысы, Тайынша ауданы филиалы палатасының директоры СҚО Кәсіпкерлер Палатасы Нұрахмет Алмас Жолдасұлы марапатталды.

Әсел Тельтаева,
Тайынша агробизнес колледжі директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылғы 23 қараша күнгі сағат 11.00-де «АМАНАТ» партиясының Тайынша аудандық филиалы ғимаратында бос жұмыс орындары мен вакансиялар жәрмеңкесі өтеді. Барлық меншік нысанындағы жұмыс берушілер, жұмыссыздар мен жұмыс іздеп жүрген аудан тұрғындары шақырылады. Анықтама үшін телефон: 21673, 79048.

БІЗДІҢ БАЛАЛАРЫМЫЗ ҚАНДАЙ ОЙЫНШЫҚТАРМЕН ОЙНАЙДЫ...

Біздің өміріміздегі ең қымбаттысы- балалар. Ата-ана қуанышын сезініп көргендер, бұл сөздің мағынасын бірден түсінеді. Көбінесе, ата-аналар өз махаббаттарын сыйлықтармен, түрлі ұнамды ұсақ-түйек заттарды сыйлау арқылы білдіреді. Біз балаларымызды еркелетеміз және олар ештеңеден, соның ішінде ойыншықтардан қажеттілік көрмегендігін қалаймыз. Бұның бәрі әрине жақсы, алайда «бірақ» деген сөз бар және ол айтарлықтай маңызды. Іс жүзінде, ойланбастан ойыншықтар сатып ала отырып, біз өз балаларымызға өзіміз қауіп төндіреді екенбіз. Қалайша? Қазір айтамыз.

Ойыншықтармен сәби дүниеге келгеннен бастап 12 жасқа дейін, кейде одан да жоғары жасқа дейін ойнайды. Ал кейбіреулері есейген шақта да ойыншық алып өздерін қуынттып жатады. Бірақ осының бәрі бір көргенге қуаныш болып көрінгенмен, шындап келгенде олай емес. Бәріміз де канцерогендер, формальдегид, фенол, метанол, сынап, қорғасын сияқты зиянды заттар туралы естідік, бірақ олардың біз жақсы көретін ойыншықтарға қатысы бар деп ойлағанымыз аз. Шындап келгенде, қатысы бар екен, тіпті тікелей қатысы бар.

Жосықсыз өндірушілер осы заттардың жоғары құрамы болатын арзан шикізатты балаларға арналған ойыншықтарын өндірісі кезінде пайдаланады. Алдымен бұл қандай заттар, қандай қауіпі бар, сондай-ақ, қандай белгілер тудыратынын көрейік. Егер сіз балаларыңызда осындай нәрсені байқасаңыз, дабыл қағатын кез келді. Сонымен қатар, сапасыз ойыншықтардан тез құтылған дұрыс.

Фенол – хош иістендіргіш көмірсүтек болып табылады. Бұл өзіндік иісі бар түссіз кристалды зат. Оны фенолформальдегидті шайыр, желім, әртүрлі пластиктер және былғары жиһаз өндірісін, сондай-ақ балалар ойыншықтарын өндіруде қолданылады. Фенол тері арқылы жоғары дем алу жолдары және асқазан - ішек жолдары арқылы тез сіңіріледі. Бұл мұрынның бітелуіне, бас айналуына, бас ауруына, лоқсуға, ұйқының бұзылуына, ентігу мен жүректің жиі соғуына әкеледі. Бұл ретте ол баланың иммундық және жүйке жүйесіне әсер етеді, сонымен қатар аллергиялық реакциялар тудырады. Құрамында фенол бар ойыншықтар негізінен Қытайда өндіріледі, әдетте өндірушісі көрсетілмейді.

Формальдегид – бұл түссіз газ, өткір иісі бар, суда және спиртте жақсы ериді. Бұл өте улы. Формальдегид шайыр, пластиктер, бояулар, тоқыма өндірісінде, соның ішінде балалар ойыншықтарын өндіруде қолданылады. Формальдегид ең қауіпті заттардың бірі болып саналады. Ол қатты ұятты реакцияны тудырады- лоқсу, жөтел, бронхылардың түйілуі. Формальдегид ісік ауруын тудыратын канцероген болып саналады. Сарапшылар жұтқыншақ ісік ауруын тудыра формальдегидтің байланысы бар екенін дәлелдеді. Сонымен қатар жүргізілген зерттеулердің деректері заттың лейкозға әкелуі мүмкін екенін көрсетеді.

Қорғасын – бұл балаларға арналған зергерлік бұйымдарының: сақина, блезік, алқа, тана моншақ, мойын алқа, бойтұмар және т.б. құрамында болатын металл. Қорғасынның көмегімен өндірушілер өнімге күмістей жалтырауық береді. Бұндай әшекейлер өте қауіпті, әсіресе егер бала ойыншықты аузына алса немесе жұтып қойса. Қорғасынның ағзаға енуі ақыл-ойдың дамуына кері әсерін тигізеді, тіпті бала өліміне әкеліп соқтырады.

А.Н. ШАРИПОВА,
Тайынша аудандық санитариялық
эпидемиологиялық бақылау басқармасының
бас маманы.

• Қоғам

РУХАНИ ТҰТАСТЫҚ

Ел ішінде жиі айтылатын «Өзгенің ақылымен зерделі бола алмайсың, өзгенің даңқын иеленіп абыройлы бола алмайсың» деген сөз бүгінгі қоғам үшін көкейкесті.

Қазақ қоғамында бұрыннан келе жатқан өзге еліктеушілік, өзгені зор тұту үрдісі тәуелсіздік алғаннан кейін бәсеңдейді деген үміт болған. Қайдан? Өкінішке қарай, бұл үміт ақталмады. Мұның басты себептерінің бірі – ел ішінде, әсіресе жастар арасында ұлттық толымды саясатты жүргізудегі шарасыздығымыз немесе ниеттің жоқтығы. Бұл айналып келгенде өзгенің құндылықтарына еліктеу мен қызығушылықты төмендетуге тікелей әсер ететін жұмыс – ұлттық болмысымызды насихаттау ісін жеткілікті деңгейде атқара алмағанымызды көрсетсе керек.

Бүгінгі қазақ қоғамы әлемге ашық. Ешкім басқа ұлттардың озық үлгілерін бойына сіңірмесін, одан үзілдікесілді бас тартсын демейді. Тек, бар уайымымыз – елімізде тарихи сананы қалыптастыру үдерісін бастан кешіріп, рухани тұтастыққа қол жеткізуге талпынып отырған қазіргі кезде өсіп келе жатқан жаңа толқын, жас буынды ортақ мүддеге жұмылдыруда, орталық күш-жігерге, саяси-қоғамдық, рухани-мәдени өміріміздің тиімді қозғаушы күшіне айналдыруда оң нәтижеге қол жеткізе алмау ықтималдығының жоғарылығы.

Елдің ынтымағы таным-түсінігіміздің, руханиятымыздың тұтастығына тікелей тәуелді. Осы бағыттағы тұтастығымыздың қазіргі деңгейін анықтамай, саладағы кілтпандарды ой елегінен өткізбей, бұған қатысты қоғамдық пікірлерге құлақ аспай ілгері жылжу қиын-ақ.

Елімізді еуропалық үлгідегі демократия ұшпаққа шығара алмайды. Мұны түсінетін кез жетті. Бізді көгертетін қазақ даласында өркен жайған, өзін-өзі ақтаған, ұлтымыздың ұлт ретінде сақталып қалуына негізгі ықпалын жасаған ұлттық құндылықтарымыз. Соның маңында топтасқанда ғана рухани тұтастыққа қол жетеді.

Иә, біз бүгінде ұлттық құндылықтар деген мән маңызы жоғары, ауқымы кең ұғымды жиі айтамыз. Бірақ осы ұлттық құндылықтарға нелер жатады, оның кеңістігіне не кіреді деген сұрақты өзімізге әлі күнге қойғанымыз жоқ. Қойылмаған сұраққа жауап берілмесі белгілі. Осы ұғымның философиялық мәнін ашу, оның құрамдас бөліктерін нақты көрсету, оларды ұлттық саясаттың өзегіне айналдыру ісі туралы ойланатын да түріміз жоқ.

Ұлттық құндылықтар замана желінен зор нұқсан көрсе де халық ішінде сақталып отыр. Оларды бүгінгі ұлттық саясатпен қабыстыра білсек, ұтарымыз көп болмақ.

Рас, бүгінде құндылықтар өзгеруде. Соған қарай бейімделу де керек шығар. Бірақ жел құған қаңбақтай бағыт бағдарымызды айқындамай, өзімізге тән өміршең құндылықтарды темірқазық етпей, құр босқа далақтай беру абырой әпермейді. Бұл жерде ұлтымыздың принципшілдігі, табандылығы қажет. Өзгерген әлем мен құбылған құндылықтарға көзсіз табынып, жүгініп кете бару нағыз жөнсіздік болар еді. Міне, осы орайда ұлттық тарихи сананы ұлттық басты құндылық ретінде қарастырып, оны қалыптастыру міндетін мемлекеттік саясаттың өзегіне айналдыру маңызды. Сондай-ақ бұл міндетті еңсерудің ұзақ жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары түзіліп, оны орындауға мемлекеттік құзырлы органдардың барлығының атсалысуы міндеттелгені абзал. Әсіресе азаматтық қоғамды жұмылдыруға көңіл бөлген дұрыс.

Осы орайда тарихи таным-сананы қалыптастыратын ғылымдарға деген көзқарасты өзгерту өте қажет. Бұл өзгеріс қазіргі жаңарған қоғам жастарының ұлттық саясатты түсіне білуіне оң әсер ете алуы керек. Бүгінде техникалық ғылымдарға басымдық беру гуманитарлық ғылымдардың аяғына тұсау салуда. Екі бағытқа да тең көзқарас қажет. Бұлай болмаса, ұлттық тарихи санасы оянбаған көп ұрпақ өсіп шығады. Олар рухани тұтастыққа ұмтылмайды әрі қажет санамайды. Мұндайлар ел Тәуелсіздігін нығайту жұмыстарына үлес қосуға тырыспайтын, «кімнің тарысы піссе соның тауығы болуға» дайын, өзіндік тарихи миссиясы айқындалмаған солқылдақ буын ретінде өмір сүреді. Бұлар елдің рухани тұтастыққа ұмтылысының маңыздылығын бағаламайды.

Қорыта айтқанда, ертең ұлт ұпайын түгендеу ойында жоқ ұрпақ – өз анасына оқ атар мәңгірт жастармен бас ауыртып, атысып-шабысып жүрмейік. Мәңгірттер үшін ең арзаны – ел Тәуелсіздігі. Егемендігімізді солардан қорғауға мәжбүр болып қалмайық. Құдай сақтанғанды сақтайды.

Жолдыбай БАЗАР,
«Egemen Qazaqstan».

ҚАЗАҚСТАНДА ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫН ЕНГІЗУ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде Отбасының цифрлық картасын енгізу басталды.

Іс жүзінде Карта -

– бұл әлеуметтік мәртебесіне байланысты, кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алу құқықтары туралы ақпарат беретін азаматтардың күн сайынғы «электрондық жаршысы»;

– көрсетілетін мемлекеттік қызметтің проактивті форматының жаңа құралы. Яғни, мемлекет ақпараттық жүйе арқылы азаматқа тиісті органдарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуды өзі ұсынатын болады.

Бұл қалай жұмыс істейді?

• Бастапқы кезеңде мемлекеттік органдардағы ақпараттық жүйелердің деректері негізінде отбасылардың әл-ауқат деңгейі мен оларға тиісті мемлекеттік қолдау шараларын айқындау бойынша жұмыс жүргізілді.

• Қазірдің өзінде цифрлық картада шамамен 6 млн. отбасы және 19 млн. оның мүшелері туралы деректер қамтылған, сондай-ақ «отбасы портреті» деп аталатын деректер қалыптастырылған. Карта деректері отбасы және оның мүшелері мәртебесінің өзгеруіне қарай жаңартылып отырады.

• Мемлекеттік қолдау шараларын алу құқығы белгіленген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге келісім алу үшін әлеуетті алушыға СМС-хабарлама жіберіледі.

• Келісім алғаннан кейін – әлеуметтік жәрдемақы, төлемдер немесе мемлекеттік қолдаудың басқа түрлері



тағайындалып, кейін алушының банк шотына аударылады.

Жоба кезең-кезеңмен жүзеге асырылады:

– 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап – жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрі бойынша жаңа форматта қызмет алу мүмкіндігі ұсынылды;

– 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап тізбе әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтермен кеңейтілетін болады;

– 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы мемлекеттік кепілдіктер енгізілетін болады;

– 2025 жылдан бастап мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылатын болады.

КРЕДИТТІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТЕУ

Кредиттері бар қарыз алушылар, әдетте, оны толық болмаса да, ішінара тезірек жабуға тырысады. Бұл негізгі борыш сомасын да, кредит бойынша сыйақы мөлшерін де азайтуға мүмкіндік береді.

Мұны қалай дұрыс жасауға болатынын Fingramota.kz-пен бірге қарастырайық.

1-қадам. Кредиттік шартты мұқият оқып шығыңыз

Қарызды рәсімдеу алдында кредиттік ұйымның менеджерінен мерзімінен бұрын өтеу шарттары қандай екенін нақтылау қажет. Мысалы, заң бойынша банктердің негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара өтеу немесе мерзімінен бұрын толық өтеудің мынадай жағдайларын қоспағанда:

- бір жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап алты айға дейін;

- бір жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап бір жылға дейін қарыздарды мерзімінен бұрын өтегені үшін айыпақы немесе санкциялардың өзге де түрлерін алуға құқығы жоқ.

Бұл ретте клиент банкке пайыздарды кредитті пайдаланудың нақты күндері үшін ғана төлейді. Мұның бәрі кредиттік шартта жазылған. Сондықтан кредит берушінің борыштық міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтемей тұрып оның талаптарын мұқият оқып шығыңыз.

Егер сіз кредитті рәсімдеу кезінде сақтандыруды сатып алған болсаңыз, сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтаруға әрекеттеніп көруге болады. Қайтару мүмкіндігі де шартта көрсетілген. Толық зерделеп алмай тұрып шартқа қол қоймаңыз!

2-қадам. Мерзімінен бұрын өтеу алдында кредиттің нақты сомасын нақтылаңыз

Егер сіз бұдан бұрын кредит бойынша төлем мерзімін кешіктірсеңіз, сізде біраз қарыз жиналып қалуы мүмкін. Осындай жағдайда шотты толтырған кезде, ең алдымен, есімпұл мен айыппұл сомасы, содан кейін ғана ай сайынғы төлем алынады.

Егер сіз дұрыс есептемеген болсаңыз, онда ай сайынғы төлем, егер сома жетпесе, толық төлем ретінде есептелмейді, нәтижесінде мерзімі өткен берешек мөлшері тек артады. Сондықтан кредит бөлімінің менеджерімен алдын ала хабарласып, борыш сомаңызды ай сайынғы төлемді, барлық есімпұлдар мен айыппұлдарды ескере отырып дәл және толық есептеп беруді сұрауыңыз қажет.

3-қадам. Өтеу әдісін таңдаңыз

Кредитті мерзімінен бұрын өтеу әдістері әртүрлі. Кейбір кредит ұйым сізден тікелей бөлімшеге келіп, касса арқылы шотты толтыра отырып, менеджер арқылы ресми өтініш жазуды сұрайды. Басқаларында – мұны онлайн режимде, мысалы, мобильді қосымша арқылы жасауға болады. Дегенмен, мынадай қолайлы жағдайлар да бар. Мысалы, кейбір банктердің мобильді қосымшаларында толық мерзімінен бұрын өтеуді немесе ішінара мерзімінен бұрын өтеуді басу жеткілікті. Егер сіз шотты мерзімінен бұрын өтеу батырмасына баспай-ақ толтырсаңыз, онда кредит келесі ай сайынғы төлем ретінде төленеді.

Кейбір кредит ұйымында кредит сайт арқылы немесе карта арқылы өтелген кезде комиссия алынуы мүмкін. Төлем жасау кезінде бұған назар аударыңыз немесе менеджермен алдын ала кеңесіп алыңыз.

Есіңізде болсын, кредитті ішінара өтеу сізді кестенізге сәйкес ай сайынғы төлемдерден босатпайды. Сонымен қатар, борышты өтеу Шартта көрсетілген санға дейін немесе операциялық күннің соңына дейін төлем жасалған күні қоса алғанда жүргізілуі керек. Уақыт пен күнді кредит менеджерінен алдын ала нақтылаған дұрыс.

4-қадам. Шотыңыздың толықтырылу мерзімін ескеріңіз

Мәселен, банкомат арқылы шотыңыз бірнеше секунд ішінде толықтырылса, картадан картаға аудару кезінде бір күннен үш күнге дейін кідіруі мүмкін. Сондықтан шотыңызды алдын-ала, болжамды төлем күнінен бірнеше күн бұрын толтырған дұрыс. Сондай-ақ, кейбір банктерде мерзімінен бұрын өтеу тек жұмыс күндері мүмкін екенін есте сақтаңыз.

Банк сіз салған соманы әдеттегі ай сайынғы төлем ретінде рәсімдеп, мерзімінен бұрын өтеу ретінде есептемей қоятын жағдайлар да болады. Сондықтан, түсініспеушіліктерді болдырмау үшін мерзімінен бұрын төлем жасағанға дейін, алдын ала кредитормен байланысып, ниетіңіз туралы ескертіп, Сіздің жағдайыңызда мұны қалай жасау керектігін нақтылаған дұрыс.

Егер сіз кредитті мерзімінен бұрын толығымен өтеген болсаңыз, онда сіз кредит ұйымынан кредиттің толық жабылғаны туралы қолтаңбалары мен мөрлері бар ресми анықтаманы ала аласыз. Кредиттік ұйымдар бұл қызметті ақылы негізде ұсынуға құқылы, мұны есте сақтаңыз.

5-қадам. Өзіңіздің кредиттік тарихыңызды тексеріңіз

Кредитті өтегеннен кейін жеке кредиттік есептегі ақпаратты қайта тексерген жөн. Бұл болашақта: мысалы, өтелген төлем бойынша ағымдағы кешіктіру, жабылған шарт бойынша берешектің болуы немесе дербес деректердің дұрыс көрсетілмеуі сияқты жағымсыз жайттардан аулақ болуға мүмкіндік береді. Бірақ мұның бәрін түзетуге болады.

Қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі www.fingramota.kz медиа порталында азаматтардың кредиттік тарихындағы ақпаратты даулау бойынша тегін сервис жұмыс істейді. Бұл қызметті 2022 жылғы сәуір айынан бастап ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қарыз алушылардың кредиттік тарихын жақсарту мақсатында Бірінші кредиттік бюромен бірлесіп іске қосты.

Кредиттік тарихтағы ақпаратты даулауға өтініш беру үшін Сіз өз деректеріңізді: ЖСН мен телефон нөміріңізді арнайы нысанда көрсетуіңіз керек. Өтініштерді өңдеу заңнамада белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Ақпаратты даулау туралы өтініш берілген күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде және кредитордан алынған жауап негізінде өтініш берушіге кредиттік бюролардан тиісті жауап жіберілетін болады.

Сондықтан кредиттік тарихыңызды үнемі сұратып, зерттеңіз. Мұны:

- Мемлекеттік кредиттік бюроның id.mkb.kz сайты;

- Бірінші кредиттік бюроның www.1cb.kz сайты;

- тұрғылықты жері бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарына (ХҚКО) хабарласу арқылы жасауға болады.

Сондай-ақ, дербес кредиттік есепті www.egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы алуға болады.

Кредит – бұл жауапкершілік екенін есте сақтаңыз!

Ай сайын кредит бойынша төлем жасасаңыз да, жеке резервтік қорыңызға белгілі бір соманы үнемі бөліп отырыңыз, яғни кем дегенде 6 ресми еңбекақы мөлшерінде қаржылық қауіпсіздік жастықшасын жасаңыз. Мұны үнемі жасау керек. Осылайша, Сіз форс-мажор жағдайында күнкөріске арналған қаражатсыз қалмайтыныңызға және ай сайынғы төлемдерді уақытында төлей алатыныңызға сенімді боласыз.

Сондай-ақ, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің тиісті лицензиясы бар қаржы ұйымдары ғана қарыздар мен микрокредиттер беруге құқығы бар екенін есте сақтаңыз. Лицензияның болуын қаржы реттеушісінің www.gov.kz сайтындағы «Рұқсаттар мен хабарламалар тізілімі» бөлімінде тексеруге болады.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ20 қараша
ноябрь 2022ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

Сайлауда дауыс беру құқығы әр азаматтың конституциялық құқығы болып табылады. Сайлауға қатысу және сайлау құқығын жүзеге асыру үшін кейбір заңды нормаларды сақтау жеткілікті. Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев президентті кезектен тыс сайлауды 20 қарашаға белгіледі.

21 қыркүйекте Тоқаев Қазақстан президентін кезектен тыс сайлау күнін белгілейтін жарлыққа қол қойды. Алдағы сайлауда жеңіске жеткен кандидат елді жеті жыл басқармақ және ол ең жоғары лауазымды қызметті бірақ мерзім атқарады, қайта сайлана алмайды. Өткен аптада Конституцияға осындай өзгеріс енгізілген. Қазақстан тәуелсіздігін жарияғалы бері екі рет Конституция қабылдаған. Кейінгі қабылданған негізгі заң бірнеше мәрте өзгерген. Бақылаушылардың пікірінше, осыған дейінгі конституциялық өзгерістер бірінші президент Нұрсұлтан Назарбаевтың билігін күшейтуге бағытталса, 2022 жылғы түзетулер Назарбаев дәуіріне нүкте қойып, авторитарлық басқару моделін өзгеріссіз қалдыруды көздейді. Биыл маусымда Конституциядан бірінші президент туралы баптар алынып тасталды, ал қыркүйекте Тоқаевтың бастамасымен президент өкілеті жеті жылға дейін ұзарып, мемлекет басшысы тек бір-ақ мерзімге сайланатын болды. Тәуелсіздік алғалы бергі 31 жылда Қазақстан азаматтары алты рет президент сайлаған. Сайлаудың бесеуі кезектен тыс өткен. Сайлау – халықтың ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы өзі өмір сүретін ортаны басқарушы, халықтың атынан өкілдік етуші тұлғаны таңдау және оған өкілеттілік беру үдерісі. Ал өкілеттік алған тұлғалар мемлекеттік маңызды мәселелерде халықтың атынан өкілдік етіп, оның мүддесі қорғауға міндетті. Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді» деп жазылған. Сайлау арқылы халықтың мемлекетті басқару саласына араласуы әлемдегі көптеген халықаралық шарттармен бекітілген. Сайлаудың әділ әрі бәсекелі өтуі кез келген елдегі азаматтық қоғамның қалыптасқанын, мемлекеттің өркениетті екенін көрсетеді. Осы ретте, өз елінің немесе өзі өмір сүретін аймақтың тағдырына алаңдаушы азамат жеке өзіне ұнаған кандидатқа немесе партияға дауыс беру және сайлау үдерісінің заң талаптарына сай өтуіне ресми бақылау жасауға үлес қосқаны жөн. Жалпы, қоғамдық бақылаушылар институтының қалыптасуы әлемде ерте замандардан басталып, бүгінге дейін жалғасып келе жатқанын айта кеткен жөн. Бұл өркениетті қоғам құру жолындағы маңызды шарттардың бірі. Қорыта келгенде айтарымыз, сайлау – азаматтардың билікке, мемлекетті басқару саласына араласуын қамтамасыз ететін маңызды құрал. Оны дұрыс пайдалану қарапайым халық пен мемлекетті басқару аппаратына тікелей тәуелді.

Сәкен ЕСІРКЕП,
<https://strategy2050.kz/podcasts/>



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ 20 қараша 2022 жыл



«ХАЛЫҚТЫҚ IPO»: ЖАЛҒАН БРОКЕРЛЕР

Алдағы уақытта өтетін «ҚазМұнайГаз»-дың IPO-на дейін мүлдем аз уақыт қалды. 2022 жығы желтоқсанда «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ мұнай және газ өндіру операторының акцияларын қор биржасына шығаруды жоспарлап отыр. Қазақстан халқының компанияның тең иесі болуға, оның акцияларын сатып алуға және одан аздап та болса пайда табу мүмкіндігі бар.

Алаяқтар да қарап қалмай, қазақстандықтардың сенгіштігін пайдаланып, олжаға кенелу жолдарын қарастыруда. Әлеуметтік желілерде мезі еткен жарнама арқылы олар «IPO шеңберінде» ірі қазақстандық компаниялардың акцияларын сатып алу бойынша онлайн-қызметтер ұсынууда, алайда ақша қолға түскен соң олар іздерін суытып, жоқ болады.

Нағыз инвестициялық делдалдарды жалған брокерлерден қалай ажыратуға болатыны жөнінде Fingramota.kz айтып береді.

IPO деген не?

IPO (Initial Public Offering) – биржада акциялар орналастыру арқылы акционерлік қоғамның акцияларын инвесторлардың шектеусіз тобына алғашқы жария ұсыну. IPO-ның нәтижесінде компания акциялары биржадан тыс айналыста болатын жеке компаниямен салыстырғанда жария компанияға айналады, оның есептілігі – айқын, ал оның шығарған бағалы қағаздары инвесторлардың кең аясы үшін қол жетімді болып келеді.

«Самұрық-Қазына» АҚ-қа кіретін мемлекеттік стратегиялық компаниялардың IPO-сы 2021-2025 жылдарға арналған Жекешелендіру жоспарының аясында өткізіледі. Таяудағы үш жылда «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ мемлекеттік қордың құрылымына кіретін бірнеше компанияның акцияларын IPO-ға шығаруды жоспарлап отыр. Бұл жерде, ерекшелігі, аталған компаниялардың акциялары қатардағы қазақстандықтар үшін қол жетімді болмақ. Алайда, азаматтар бағалы қағаздарды тек Қазақстанның қор нарығында заңды түрде жұмыс істейтін инвестициялық делдалдар арқылы сатып ала алады.

Жалған брокерлер деген кімдер?

Олар алаяқтар – жеке адамдар немесе жосықсыз қызмет белгілері бар компаниялар. Олардың қолында ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиясы жоқ.

Олардың кейбіреулері Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайды, тиісінше, қазақстандық қаржы реттеушісі олардың қызметін бақылау және қадағалауды жүргізбейді. Олардың офистері біздің елімізде орналаспаған, сондықтан жалған брокерлерді табу, және де алдап қолға түсірген халықтың ақшасын қайтару құқық қорғау қызметтеріне қиынға түседі. Ісін жаңадан бастаған инвесторлар өз қаржысын басқа елдің лицензиясына ие осындай компанияларға сеніп тапсырады. Бұл жерде, брокердің ұсынған лицензия жалған немесе шынайы болуына байланысты, олардың өз қызметтерін Қазақстанда ұсынуға құқығы жоқ екендігін білген маңызды.

Алаяқтар қандай қулыққа барады?

Брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыру қызметін бүркемеленіп, өздерін табысты және болашағы бар компаниялардың қызметкерлері деп таныстыратын жалған брокерлер алдағы «уақытта өтетін IPO шеңберінде» азаматтардан ақша тартады.

Алаяқтардан тіркелмеген нөмірлерден қоңыраулар, электрондық хаттар және бағалы қағаздарға инвестициялауға байланысты жалған құжаттардың сканерлері бар хабарламалар қайта-қайта келуі мүмкін. Қаскүнемдер мүмкіндігінше сенгіш клиенттерді агрессивті жарнамамен тартуға тырысады, азаматтарға тұрақты, жоғары кіріс көзіне кенелуге уәде беріп, адастырады. Олардың нысаналы аудиториясы - инвестициялық ғажайып платформалар арқылы тез және оңай ақша тапқысы келетін адамдар. Сенімді болу үшін алаяқтар ірі компаниялардың логотиптері мен атауларын, мысалы, «Қазақтелеком», «ҚазМұнайГаз», Kaz Minerals және басқаларын пайдаланады.

Осылайша қаскүнемдер жұмысын жаңадан бастаған инвесторлардың білімі мен тәжірибесі жоқ екенін пайдаланады. Ал цифрландыру және қашықтан ақша табу мүмкіндігі дәуірінде олар өздерінің шынайы бетпердесін жасыруға және қолжетімсіз болып қалуға мүмкіндік алды.

Клиент сеніп, «жеке менеджердің» банктік шотына немесе картасына ақша аударғаннан кейін, жалған брокерлер оларға жоғары кіріс көрсететін-мыс есептер мен графиктерді ұсынады. Бірақ мұның бәрі шын мәнінде ойдан алынған, ештеңемен расталмаған сандар. Көбіне олар мұнымен тоқтап қалмай, одан да көп кіріске уәде ете отырып, өз құрбандарынан қосымша қаражат алуды жалғастырады.

Ақшаны алдап алудың әртүрлі әдістері клиент компанияның заңды қызметіне күмән келтіріп, олардың заңдылығын тексере бастағанға дейін немесе өз шотынан «еңбек сіңірілген» ақшаны алуға тырысқанға дейін бірнеше рет қайталанады. Бұл жағдайда алаяқтар қосымша қаржы салуды талап етіп, ақшаны қайтарудан жалтарады, содан кейін клиенттің ақшасымен мүлдем жоқ болып кетеді.

«Инвестициялық» делдалдарды қалай тексеруге болады?

Ақшаңызды бейтаныс адамдарға немесе компанияларға сеніп тапсырмас бұрын, олардың Қазақстанда жұмыс істеу

үшін тиісті лицензиясының бар-жоғын тексеру қажет. Осындай лицензиясы бар брокерлік және дилерлік ұйымдардың тізімін ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің www.gov.kz сайтынан «Тізілімдер және рұқсаттар» бөлімінде көруге болады.

Агенттіктің интернет-ресурсында көрсетілген инвестициялық делдалдың деректемелері лицензияда көрсетілген деректемелермен сәйкес келуі тиіс екенін ескеру маңызды. Сондай-ақ қаржылық есептілікті, биржалардағы белсенділікті, сондай-ақ басқа клиенттердің пікірлерімен танысу қажет.

Агенттіктің интернет-ресурсында және Fingramota.kz сайтында қызметінде лицензияланбаған қызметтің немесе қаржы пирамидасының белгілері анықталған субъектілердің тізімі орналастырылған. Қазіргі уақытта тізімге қызметі қаржылық лицензиялау және реттеу аясынан тыс орналасқан 159 субъект кіреді. Бұл тізім жеке және заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштері, сондай-ақ құқық қорғау органдарының сұрау салулары негізінде қалыптастырылады. Онымен міндетті түрде танысыңыз!

Жалған брокерлерді тануға көмектесетін негізгі белгілер:

- 1) салынған ақшаның есебінен қысқа мерзім ішінде қомақты пайда табууды уәде ету;
- 2) лицензия туралы ақпарат ұсынудан бас тарту не лицензияның болмауы;
- 3) брокерлік компания сайтының мекенжайын атаудан бас тарту, интернетте ол жайлы ақпараттың болмауы немесе компанияның сайтында компанияның меншік иесі, заңды мекенжайы мен байланыс деректері туралы мәліметтердің болмауы;
- 4) қаражатты «жеке менеджердің» банктік картасына аудару туралы өтініш білдіру;
- 5) «брокер» менеджерінің тәуліктің кез келген уақытында жасырын нөмірден немесе әртүрлі нөмірден қоңырау соғуы;
- 6) дерекі немесе кәсіби емес іскерлік байланыс;
- 7) «Халықтық IPO», «Тіімді инвестициялау», «Инвестицияларға арналған платформа» және басқа да сөздерді қолдану арқылы интернетте, әсіресе әлеуметтік желілерде агрессивті және жалықтыратын жарнама жасау.

Инвесторларды қорғаудың қосымша шаралары
Агенттік қор нарығында инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейту шараларын қабылдайды. Осылайша, 2022 жылғы 12 шілдеде Қазақстанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң және басқа да заңға тәуелді актілер қабылданды. Онда бірқатар маңызды түзетулер көзделген:

- біріншіден – брокер және (немесе) дилер білікті инвесторлар болып табылмайтын инвесторларға олардың біліктілік деңгейін ескере отырып, қызметтер көрсетеді. Яғни, брокерлер тәуекел бейіні мен біліктілік деңгейін ескере отырып, белгілі бір клиентке инвестициялық ұсынымдар беруі керек;

- екіншіден, Заңда қызметтерді, оның ішінде Forex нарығында Қазақстан азаматтарына қызметтерді тек Агенттік лицензиялайтын брокерлердің ғана көрсетуіне құқылы екендігі көзделеді. Бұл ретте инвестициялық консультация беру жөніндегі қызметтерді тек брокерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылар ғана ұсынуға құқылы. Егер клиент осы ұсынымдар негізінде инвестициялау нәтижесінде шығынға ұшыраған жағдайда, заң бір мезгілде ұсынылған инвестициялық ұсынымдар үшін брокерлер мен басқарушылардың жауапкершілігін белгілейді;

- үшіншіден, жосықсыз нарықтық практикаларды жою мақсатында қаржы құралдарының құнына ықпал ететін мәмілелер жасау ғана емес, сондай-ақ өтімдер беру (баға белгілеуді жариялау) және дұрыс емес немесе жаңылыстыратын ақпарат тарату да капитал нарығындағы бағалармен айла-шарғы жасау ретінде танылатын болады. Жұмысын жаңа бастаған инвесторлар пайданың әрдайым болжамды тәуекелге сәйкес болатынын естен шығармау керек. Сондықтан жұмысын адал атқаратын брокер шығындар тәуекелі туралы ескертпей тұрып қомақты пайдаға уәде бермейді және қандай да бір IPO шеңберінде инвестициялардың қайтарылатынын кепілдік бермейді. Абайлаңыз, барлық ақпаратты тексеріңіз!

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 375. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.